

1. Білім беру үдерісін цифрлық трансформациялау, цифрлық экономика мен желілік қоғамға көшу жағдайында оқыту үдерісін ұйымдастыруды мақсат ететін педагогиканың бір саласы – бұл:

- A) цифрлы дидактика
- B) инновациялық әдіснама
- C) инновациялық дидактика
- D) инновациялық технология
- E) инновациялық әдістеме

2. Цифрлы білім беру ортасында білім алушының өзіндік оқу іс-әрекетіне бағытталған: педагог оқу үдерісін ұйымдастырып, оқу үдерісінде білім алушыға қолдау көрсетіп, көмектесуі керек – бұл ... принципі.

- A) үстемдік
- B) даралау
- C) орнықтылық
- D) икемділік пен бейімділік
- E) тәжірибеге бағдарлану

3. Білім алушының оқу мақсатын өз бетінше анықтауға, білім беру үдерісінің стратегиясы, бағдарламасын меңгеру қарқыны мен деңгейін таңдауға мүмкіндік беру – бұл ... принципі.

- A) даралау
- B) үстемдік
- C) орнықтылық
- D) икемділік пен бейімділік
- E) тәжірибеге бағдарлану

4. Цифрлы білім беру үдерісінің жағдайларына байланысты жеке көзқарасты дамытуға мүмкіндік беру – бұл ... принципі.

- A) икемділік пен бейімділік
- B) даралау
- C) орнықтылық
- D) үстемдік
- E) тәжірибеге бағдарлану

5. Цифрлы білім беру үдерісінде «түсіндіру – бекіту – бақылау» дидактикалық тізбегіндегі мақсатқа жетуді, білім мен дағдыларды толық игеруді талап ететін принцип – бұл:

- A) оқудағы жетістік принципі
- B) икемділік пен бейімділік принципі
- C) ынтымақтастық пен өзара әрекеттестіктегі оқыту принципі
- D) күрделіліктің өсу принципі
- E) білім беру ортасының қанықтыру принципі

6. Жеке оқыту стратегиясын құру үшін ақпараттық ресурстардың көптігін талап ететін принцип – бұл:

- A) білім беру ортасының қанықтыру принципі
- B) икемділік пен бейімділік принципі
- C) ынтымақтастық пен өзара әрекеттестіктегі оқыту принципі
- D) күрделіліктің өсу принципі
- E) оқудағы жетістік принципі

7. Қарапайымнан күрделіге және күрделіден қарапайымға дейін; жалпыдан жекеге және жекеден жалпыға; жеке-жеке және топтық; жеке және басқа да оқу үдерістерін қарастыратын принцип:

- A) күрделіліктің өсу принципі
- B) икемділік пен бейімділік принципі
- C) ынтымақтастық пен өзара әрекеттестіктегі оқыту принципі
- D) білім беру ортасының қанықтыру принципі
- E) оқудағы жетістік принципі

8. Оқу үдерісінде қабылдаудың көру, есту және мотор (кинестетикалық) тәсілдерін қолдануды мақсат ететін дидактикалық принцип:

- A) полимодальдық (мультимедиалық) принцип
- B) икемділік пен бейімділік принципі
- C) ынтымақтастық пен өзара әрекеттестіктегі оқыту принципі
- D) білім беру ортасының қанықтыру принципі
- E) оқудағы жетістік принципі

9. Мұғалім мен білім алушы арасында белсенді көп жақты байланыс негізінде нақты және желілік оқу үдерісін құруды талап ететін интерактивтіліктің дидактикалық принципі:

- A) ынтымақтастық пен өзара әрекеттестіктегі оқыту принципі
- B) тәжірибеге бағдарлану принципі
- C) полимодальдық (мультимедиалық) принцип
- D) білім беру ортасының қанықтыру принципі
- E) оқудағы жетістік принципі

10. Мұғалім мен білім алушыға оқу материалы бойынша жазбалар, сызбалар жасауға мүмкіндік беретін құрал – бұл:

- A) конструктор
- B) тренажер
- C) интерактивті постер
- D) интерактивті тақта
- E) компьютер